



Бекітемін  
«Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы»  
ШЖҚ КМК-ның бас дәрігері М.Ршымбетов

«30» 05 2025 жыл

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған  
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен  
жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары  
«Жаңақорған аудандық көпбейінді орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны

| № | Тәуекел түрі                            | Іс-шаралар                                                                                                                                                        | Жауапты тұлғалар                               | Мерзімі                          | Күтілетін нәтиже                                                        |
|---|-----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|----------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Кадрлық үдерістерге байланысты          | Қызметке қабылдау рәсімдерін конкурс негізінде және ашық түрде өткізу тәжірибесін тұрақтандыру. Кадрлық іріктеу кезінде кәсіби және біліктілік талаптарын сақтау. | Кадр бөлімі, бөлім басшылары                   | Үнемі                            | Іріктеу үдерісінің әділетті және ашық түрде жүзеге асуы                 |
| 2 | Қаржы және сатып алу саласына қатысты   | Сатып алу рәсімдерін жоспарлау мен өткізуде цифрлық құралдарды пайдалану, ішкі бақылауды арттыру. Құжаттаманың дұрыстығы мен толықтығына назар аудару.            | Сатып алу бөлімшесі, бухгалтерия               | Тұрақты                          | Қаржы рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, тәуекел деңгейін төмендету |
| 3 | Медициналық қызмет көрсетуге қатысты    | Халықты тегін және ақылы қызметтер туралы хабардар ету жұмыстары. Пациенттермен кері байланыс арналарының қолжетімділігін арттыру.                                | Емдеу ісі жөніндегі орынбасар, қабылдау бөлімі | 1 ай ішінде және тұрақты негізде | Пациенттердің құқықтары мен қызметке сенімділігін арттыру               |
| 4 | Құжат айналымы және есептілікке қатысты | Электронды құжат айналымы жүйесін тиімді қолдану. Құжаттарды рәсімдеу тәртібі мен мерзімін сақтау бойынша жүйелі бақылау жүргізу.                                 | Әкімшілік-шаруашылық бөлім, жауапты мамандар   | Үнемі                            | Құжаттық рәсімдердің сапасын арттыру және сәйкессіздіктерді азайту      |
| 5 | Басшылық функцияларына байланысты       | Басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде ұжымдық талқылау мен ашықтық қағидатын ұстану. Этикалық нормаларды сақтау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.           | Бас дәрігер, бөлім басшылары                   | Ай сайынғы негізде               | Басқару үдерісінің әділеттілігі мен ішкі сенімнің артуы                 |